

"Балқаш қаласының медициналық колледжі" КМҚК

КЕЛІСІДІ
Басқарма Төрағасы
Қазақстан медициналық
колледждері Одағы"
И.Б. Рузденова
И.Б. Рузденова
2023ж.



БЕКІТЕМІН
«Емдеу ісі» мамандығының
ОББ төрағасы
С.З. Танатаров
С.З. Танатаров
2023ж.



**ҚР-ның медициналық колледждерінің екінші курс студенттері арасында
"Емдеу ісі" мамандығы бойынша "Медициналық көмек көрсетудегі
қауіпсіздік пен сапа" пәні бойынша Онлайн-олимпиада**

ЕРЕЖЕСІ

Балқаш 2023 жыл

Құрастырған: Кусанов А.К., Байсеитова Р.Т.,Токейбекова А.К., Беглиев С.Т., Әжімаханова Е.М., Фролова А.А. – ҚОДСБ-ның "Балқаш қаласының медициналық колледжі" КМҚК арнайы пәндер оқытушылары

Рецензенттер:

Батанаева Л.К.- Қарағанды облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Балқаш қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

Ильдибаева А.Р.- "Балқаш қаласының көпсалалы ауруханасының" мейірбике ісі бойынша жетекшісі

"Емдеу ісі" мамандығы бойынша олимпиаданың ережесі мен тапсырмаларын Балқаш қаласының тәжірибелік денсаулық сақтау мамандары қарады, қауіпсіздік және медициналық көмек көрсету сапасы саласындағы қолданыстағы НҚА-ға сәйкес түзетілді және студенттік олимпиаданы өткізу үшін ұсынылды.

"Балқаш қаласының медициналық колледжі" КМҚК әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және бекітілді

23.12.2022 ж. № 2 хаттама

ҚР-ның медициналық колледждерінің 2 курс студенттері арасында
"Емдеу ісі" мамандығы бойынша
Медициналық көмек көрсетудегі қауіпсіздік пен сапа" пәнінен
"Primum non Nocere" атты республикалық онлайн-олимпиадасының

ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. Осы ереже 2021 жылғы МЖМБС сәйкес "Емдеу ісі" мамандығы, "Фельдшер" біліктілігі бойынша ҚР-ның медициналық колледждерінің студенттері арасында "Медициналық көмек көрсетудегі қауіпсіздік пен сапа" пәні бойынша республикалық онлайн-олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
2. Онлайн-олимпиаданың барлық материалдары құзыреттіліктерді – оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте пайдалану қабілетін ескере отырып құрастырылған.
2. Онлайн-Олимпиада 2022-2023 оқу жылына арналған "Емдеу ісі" мамандығының ОӘБ жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
3. Онлайн-Олимпиаданы өткізуге жауапты – Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының "Балқаш қаласының медициналық колледжі" КМҚК.
4. Онлайн олимпиаданың негізгі қағидаттары: объективтілік, ашықтық, барлық қатысушылар үшін жағдайдың теңдігі

Онлайн-Олимпиаданың мақсаты

Онлайн олимпиаданың мақсаты - бар проблемаларды шешудің үздік тәжірибелерін анықтау және оларды танымал ету арқылы медициналық қызметтің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру.

Онлайн-олимпиадаға қатысушылар және өтінім беру тәртібі

1. Онлайн-олимпиадаға қатысуға "Емдеу ісі" мамандығы, "Фельдшер" біліктілігі бойынша 2 курс медициналық колледждерінің студенттері шақырылады.
2. Әрбір колледж онлайн олимпиадаға қатысу үшін бір студентті ұсынады.
3. Қатысу тілдері - қазақ, орыс тілі
4. Онлайн-олимпиадаға қатысуға өтінім мен бірінші кезеңнің іріктеу бейнематериалы 03.04.23-15.04.23 ж. аралығында ұйымдастыру комитетінің olimpiada20232023@gmail.com (№1 қосымшаға сәйкес) электрондық мекен-жайына қабылданады.

Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

1. Онлайн-олимпиаданың Ұйымдастыру комитетінің құрамы :
 - "Арнайы пәндер" ЦӘК оқытушылары;
 - Тәжірибелік оқыту бойынша меңгеруші
 - Тәжірибелік денсаулық сақтау мамандары;
2. Ұйымдастыру комитеті бір айдан кешіктірмей онлайн-олимпиаданы өткізу күні туралы хабарлайды.
3. Ұйымдастыру комитеті онлайн-олимпиаданың сараптамалық комиссиясының мүшелеріне шақыруларды алдын ала жібереді.

Онлайн-олимпиаданы өткізу тәртібі мен мерзімдері

1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

I. Бірінші кезең - Үй тапсырмасын орындау, іріктеу сатысы, 03.04.2023 -15.04.2023 ж. күндері аралығында өткізіледі, бейнематериалдарды ұсыну форматында тәжірибелік дағдыларды көрсету келесідей екі бағытты қамтиды:

- 1 бағыт - "Пациенттердің қауіпсіздігі"
- 2 бағыт - "Медицина қызметкерлері үшін қауіпсіздік"

Бейнематериалға қойылатын талаптар

1. Бейнематериалда келесідей ақпараттар болуы керек:

А. Сәлемдесу

Б. Байқаудың тақырыбы мен бағытына сәйкес келуі тиіс

С. Мәтін қысқа, нақты, ерекше және мазмұнды болуы керек

2. Бейнематериалдың форматы: MPEG, MPG, AVI, MP4

3. Бейнематериалдың ұзақтығы -10 минуттан аспайды.

4. Байқауға қатысушылардың бейнематериал жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б.бағытта болуы мүмкін).

5. Бейнені орнату кезінде фотосуреттерді пайдалануға болады.

6. Ұсынылатын бейнематериалдың атауы білім беру мекемесінің атауын, автордың Т.А. Ә., конкурстық жұмыс бағытының атауын қамтуы тиіс.

7. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстарда рұқсат етілмейді:

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер (дұрыс емес мәліметтер);
- конкурстың тақырыбына сай емес, басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, жарнамалық сипаттағы ақпараттар.

8. Ұйымдастырушылар, егер жіберілген жұмыс осы Ерсженің шарттарына сәйкес келмесе, одан бас тартуға құқылы.

9. Техникалық қиындықтар туындаған жағдайда жоғарыда көрсетілген телефон арқылы ұйымдастыру комитетіне дереу - **WhatsApp 87075973973 нөмірі** арқылы хабарласу қажет.

10. Конкурс нәтижелері www.medicoll.edu.kz сайтында орналастырылады

11. Олимпиаданың екінші кезеңіне бірінші кезеңнің нәтижелері бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушылар өтеді.

12. Конкурс нәтижелері мен келесі кезеңге өткен қатысушылардың тізімдері
20.04.2023 ж. күні www.medicoll.edu.kz колледж сайтына жүктеледі

13. Бейнематериалды бағалау критерийлері (2-қосымшада көрсетілген)

II. Екінші кезеңді өткізу уақыты 26.04.23 ж. Астана қ. уақыты бойынша сағат 11:00-де.

1.Тестілеу:

Тест тапсырмалары бір дұрыс жауаппен жабық түрде беріледі. Тапсырмалар "Медициналық көмек көрсетудегі қауіпсіздік және сапа" пәні бойынша біліктілік талаптарына сәйкес жасалды. Тест тапсырмаларының жалпы саны - 50 сұрақ, әрбір дұрыс жауап 1 баллмен бағаланады. Бұл ұпайлардың жиынтығы олимпиада сынақтары бойынша тестіленушінің қорытынды балын құрайды. Берілетін уақыт - 50 минут. Тестілеу Mastertest және ZOOM бағдарламаларын (веб-камера арқылы) қолдана отырып жүзеге асырылады.

2. Интерактивті сауалнама "Қауіпсіздік неге маңызды?" (Сараптама комиссиясымен ауызша талқылау жүргізу) (3-қосымша)

Қорытынды шығару және олимпиадаға қатысушыларды марапаттау

1. Жұмысты бағалау үшін ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың сараптамалық комиссиясын құрады, оның міндетіне қатысушылар жинаған ұпайлар негізінде жеңімпаздарды анықтау кіреді.
3. Ең жоғары ұпай жинаған алғашқы 3 қатысушы олимпиада жеңімпаздары болып саналады. Бірнеше қатысушының жинаған ұпайлары тең болған жағдайда, олардың барлығы жеңімпаз деп танылады.
4. Онлайн-олимпиада жеңімпаздары 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.
5. Дипломдар мен сертификаттарды электрондық нұсқасы 29.04.2023 ж. дейінгі мерзімде өтінімдерде көрсетілген қатысушылардың электрондық мекен-жайларына жіберіледі.

*Онлайн-олимпиада туралы Ережеге
(1-қосымша)*

ҚР-ның медициналық колледждерінің 2 курс студенттері арасында
"Емдеу ісі" мамандығы бойынша
Медициналық көмек көрсетудегі қауіпсіздік және сапа" пәнінен
"Primum non Nocere" атты республикалық онлайн-олимпиадасына қатысуға

ӨТІНІШ

(_____ электрондық пошта мекен-жайына 15.04.2023 ж. кешіктірілмей жіберіледі)

<i>(Қатысушының)тегі</i>	
Аты	
Әкесінің аты	
Мекеменің толық атауы	
Байланыс телефоны	
e-mail (gmail.com)	
Тобы	
Жетекшісінің аты-жөні, лауазымы	
Жетекшісінің ұялы телефоны	

Бейнематериалды бағалау критерийлері

Ең жоғары ұпай саны – 30 балл.

Критерийлер	Сипаттамасы	Балл
1. Ұйымдастыру және техникалық деңгейі	Бейнематериалдың ұзақтығы 10 минуттан аспайды. Материалды ұсынудың қисындылығы, операторлық шеберлік.	2 б
2. Бейнематериалдың мазмұны	Тақырыпты толық ашылуы, бейнематериалдың тілдік өрнектелуі автордың тақырыбы мен идеясын толықтай ашады, мәлімдемелер мен кадрлар синхронды, логикалық және дәйекті.	3 б
3. Көркемдік деңгейі және өзіндік ерекшелігі	Ақпарат берудің өзіндік ерекшелігі, шығармашылық шешім.	2 б
4. Дереккөздерге жүгіну	Ақпарат сенімді көздерге сәйкес келеді (клиникалық хаттамалар, стандарттар). Техникалық тазалық (грамматикалық, графикалық қателердің болмауы). Қатысушының сөзі логикалық және сауатты құрылған.	3 б
5. Теориялық білімін бағалау	Қатысушы тақыры және ұсынылған мәселе бойынша қарастырылатын мәселелердің мәнін толық түсініп терең білімін көрсетеді; Ұсынылған материал негізінде толық және дұрыс жауап бере алады, негізгі ережелерді көрсете алады, талдау жасап, жалпылама қорытынды жасай біледі.	8 б
6. Тәжірибелік дағдыларын бағалау	Қатысушы тәжірибелік дағдылардың орындалуын қатесіз көрсетеді, іс-қимыл алгоритмінің көрсетілу реттілігін сақтайды. Дағдыларды дұрыс көрсете отырып, тәжірибелік дағдыларды көрсету алаңында науқастар мен қызметкерлер үшін қауіпсіз ауруханалық ортасын, санитария мен жеке гигиенаны көрсетеді.	12 б

Барлығы		30 б
----------------	--	-------------

(3-қосымша)

Интерактивті сауалнама

Ең жоғарғы ұпай саны – 20 балл.

Критерийлер	Балл
4. Қойылған сұраққа жауап ретінде өз көзқарасы ұсынылды.	5 б
5. Қатысушы өз білімінің жүйелілігі мен тереңдігін көрсетеді. Сұраққа жауапты медициналық және ғылыми терминдерді қолдану арқылы аша білді.	10 б
6. Қатысушының сөзі логикалық түрде және сауатты құрылған. Фактілерге сүйене отырып, өз пікіріне дәлел келтірілді.	5 б
Барлығы	20 б